

«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Еңбек ер атандырар»



Педагог ұйымдастырушы Кукеева Ж.

2023-2024 оқу жылы

**«Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық
мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы
«Еңбек ер атандырар» тақырыбында өткізілген сынып сағатының**

АНЫҚТАМАСЫ

Мақсаты: Оқушылардың еңбек түрлері туралы білімдерін кеңейту, ұғымдар қалыптастыру. Сөйлеу дағдыларын жетілдіру, ой өрісін дамыту. Оқушылардың еңбексүйгіштікке, шаруақорлыққа, іскерлікке үнемді болуға тәрбиелеу.

Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде педагог ұйымдастырушы Ж.Көкеева ұйымдастыруымен 4 «А» сынып оқушыларына «Еңбек ер атандырар» тақырыбында сынып сағаты болып өтті. Сынып сағатында еңбегімен елге танылған тұлғалардың өмір жолдары туған жерді көркейтуге қосқан үлестері туралы пікір алмасты. Халқымызда «Еңбек ер атандырады» деген әдемі сөз бар. Расында еңбек етіп, маңдай терлеген ер азаматтың жұлдызы биік болады. Өйткені, ол айналасына мейірімін төге білуімен, адалдығымен, еркін ойлайтындығымен, еңбекті ұйымдастыра білумен ерекшеленеді. Еселі еңбек еткен, талай жыл маңдай терін төккен ер азамат үшін мұнан асқан бақыт жоқ. Сынып сағатында сонда тау тұлғалы азаматымыз дала академигі Ыбырай Жақаев атамyzдың өмірі жолдары мен адал еңбегі жайында оқушыларға мағлұмат берілді. Одан әрі «Мақалдың жалғасын тап» ойыны ұйымдастырылып, ойында оқушылар белсенділік танытты. Одан әрі «Өскенде кім болам?» тақырыбында шағын эссе жазды. Эссе жазу барысында Алихан, Балауса, Қазына, Бекасыл сынды оқушылар ойының ұшқырлығымен көзге түсіп, өскенде өнертапқыш болатынын және атакәсіпті жалғастыра отырып, өз еліне, халқына зор үлес қосатынын айтып өтті. Келешекте елдің гүлденуіне, дамуына үлес қосатын осындай еңбекқор азаматтарымыз көп болатынына сенеміз. Еліміздің жарқын болашағы жастардың қолында.

Тақырыбы: «Еңбек ер атандырар»

Мақсаты: Оқушылардың еңбек түрлері туралы білімдерін кеңейту, ұғымдар қалыптастыру. Сөйлеу дағдыларын жетілдіру, ой өрісін дамыту.

Оқушылардың еңбексүйгіштікке, шаруақорлыққа, іскерлікке үнемді болуға тәрбиелеу.

Мұғалім

Бақыты асқан патшадан,

Миымен асқан қара артық.

Сақалын сатқан кәріден,

Еңбегін сатқан бала артық.

Еңбектің өзі бірнеше түрге бөлінеді:, ақыл ой еңбегі, өндірістік еңбек, ауылшаруашылық еңбегі.

1. Ақыл ой еңбегі иелерін атаңдаршы? (оқушы, мұғалім, дәрігер, жазушы, ақын, жырау).

2. Өндірістік еңбек иелеріне қандай мамандар жатады? (шахтер, мұнайшы, құрылысшы, тігінші, ағаш ұстасы, завод және фабрикада жұмыс істейтін мамандар жатады).

3. Ауыл шаруашылығының еңбеккерлеріне кімдерді жатқызамыз?

Екіншіні ,малшыны, агрономды, сушыны, механизаторды, комбайншыны және т.б.

4. Ауыл шаруашылығында еңбек ететін еңбеккерлер қандай өнімдерді өндіреді?

Ауыл шаруашылығында еңбек ететін еңбеккерлер егін егумен айналысады.

Ауыл шаруашылығында тек қана ер азаматтар емес сонымен қатар әйел азаматтары да жұмыс істейді. (Тақтаға берілген суреттермен түсіндірме жұмыс жүргізіледі).

Бүгінгі сынып сағатымызда аты әлемге әйгілі болған, ақ күріштің атасы атанған, генистер рекордына енген Социалистік Еңбек Ері атанған агроном Ыбырай Жақаев атамыз туралы танысатын боламыз. Ыбырай Жақаев 1891 жылы мамырда Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Қызылту ауылында дүниеге келген.

Ол 50 жыл бойы күріш өсірумен айналысқан.

1940 жылы Жаңа-Шиелі каналы салынды, бұл күрішті ғана емес, сонымен бірге мақтаны да өсіруге мүмкіндік берді. Ал екінші дүниежүзілік соғыс кезінде мақта күрішпен толығымен алмастырылды. Қарапайым күрішші өз бақытын осылай еңбектен тапқан еді. Ол бұл жетістіктерімен тоқтап қалған жоқ, көптеген ізбасарлар тәрбиеледі, **Ол күріш өсірудің ерекше әдісін ойлап тапты.** 1950 жылдары, оның жасы үлкен болғанына қарамастан, жас тәжірибелі күріш өсірушілерге сабақ беретін мектеп ашты.

1974 жылы Ыбырай Жақаевқа екінші рет Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ыбырай Жақаевтың есімі тек біздің елде ғана танымал емес еді. Ол күрішті ежелден ұлттық тағам деп санайтын шығыс елдерінде де жақсы

танымал. 1968 жылы 77 жасында ол егістік даласынан зейнеткерлік демалысқа кетіп, 1981 жылы 19 қыркүйекте 90 жасында қайтыс болды. Сыр бойында даңқты күрішшінің мыңдаған шәкірттері бар. Ы. Жақаев өмірі тамаша өнегесімен тарихқа енеді.

Мұғалім: (Оқушылардан еңбек туралы мақал сұрау)

Еңбек – бәрін ... жеңбек.

Еңбек етсең ... емерсің.

Еңбек етсең ерінбей, ... тояды қарның тіленбей.

Еңбек ер ... атандырады.

Еңбек мұратқа жеткізер,.. Жалқаулық абыройды кеткізер.

Сақалын сатқан кәріден, ... Еңбегін сатқан бала артық.

Еңбектің көзін тапқан, ... байлықтың өзін табады.

Еңбектің наны тәтті,... жалқаудың жаны тәтті.

Сен өскенде еңбектің қай түрімен айналысар едің? Неліктен?

Тақырыбында шығарма жаздыру.

1. Еңбек адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар?
2. «Адал еңбек» деген ұғым нені білдіреді?
3. Нағыз еңбек неден басталады?
4. Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз?
5. Еңбекқорлық адамды қандай қасиеттерге баулиды?
6. Өздерің қандай еңбекпен айналысқанды ұнатасыңдар?
7. Адам бойында қандай қасиеттер болғанда қандай жетістіктерге жетуге болады?
8. «Еңбектің жемісі» дегеніміз не?
9. «Еңбек», «Еңбексүйгіштік» деген ұғымдарды қалай түсінесіңдер?
10. Сендердің қазіргі негізгі еңбектерің қандай?



